Когда мы были школьниками, мы считали студенчество золотой порой жизни, а студентов представляли взрослыми и серьезными. Теперь, переступив порог университета, мы ощущаем себя теми вчерашними первоклассниками, которые попали в совершенно новый для нас мир. Вовлекаясь в студенческую интересную жизнь, нам надо привыкать к новым студенческим жаргонам, как «семинары», «лекции», «СРСП», «СРС», а пока мы путаемся и, бывает, говорим вместо «пар» – «уроки», вместо «преподавателя» - «учитель». Мы верим, что мы еще отыщем от такой привычки и почувствуем себя настоящими студентами, которых еще впереди ждут много-много интересного.

В мире студента несравнимо больше свободы, но больше и ответственности. Вступая в самостоятельную студенческую жизнь, мы как первокурсники, ожидали веселую, активную жизнь, различные праздники и мероприятия, которые останутся в наших воспоминаниях надолго. Всего за один месяц столько всего прошло, столько позитивных эмоций, прекрасных впечатлений, море знакомств и интересных общений. С первого же дня нас всё впечатлило: в стенах нашего университета и в городе прошло много различных красочных мероприятий. Первого сентября активисты провели акцию в праздничной ноте специально для первокурсников в центре культуры и искусств имени Қадыра Мырза Али. Захватывающие яркие концерты ко дню города



Уральска, восхитительный фестиваль в честь празднования дня языков и к 20 летию Ассамблеи народа Казахстана, акция студентов «Молодежь за светлое будущее», эффектные флэш-мобы, и в том числе зарядили своей легкостью, жизнерадостно межфакультетный «Жайдарман», состоявшийся в стенах нашего университета, и замечательная, юмористическая игра КВН в «Нур Отане», что нам тоже захотелось быть такими веселыми. Как говорится, жизнь студента полна событий, только выбирай!

Айша Кемешова,

студентка первого курса.

ФИЛ-12, «Филология: русский язык»

В ритме повседневной суетливой жизни мы часто не придаем значения, не замечаем прелести и красоты окружающего нас мира. Но есть такие особенные люди, которые своей энергией и любовью к своим интересам приносят радость и доброту. И этими людьми может быть каждый из нас, если только захотеть.

В стенах нашего любимого университета выделяются такие креативные молодые люди. Еще с первых дней студенческой жизни своей активностью выделился разносторонний коммуникабельный студент Мейирбек Тажжуранов. Его можно назвать тем человеком, который по велению своего сердца выбрал такую специальность, которую любит и хочет связать свою будущую профессию. Ведь он хорошо разбирается в компьютерах и различных программах, и поэтому выбрал специальность - информационные технологии. Также Мейирбек художественный фотограф



Как прекрасен этот мир, посмотри!

и достиг достижений на уровне области, республики, стал призером «Дельфийских игр», дипломатом международных и республиканских фотоконкурсов. За небольшое время он уже стал АСК-ером, показав свои дизайнерские и организаторские способности. Как вы поняли, такой яркий человек обладает с большим чувством юмора и игрет в КВН в команде «Бізге бәрі де мүмкін». Мейирбек хоть и первокурсник, но все же в типичной жизни не остается в стороне.

Жүректің ырағына салдым бәрін,
Кім түсінер бұл дүниеде ақын жанын?
Өлең жазу ұнайды жанымға тым,
Поэзия – өмірім, өлең – менің дерім...
Чудесные стихи, не правда ли? Писать стихи – такой изумительный дар, которым не каждый может обладать. Автором этого прекрасного

стиха является милая девушка, приехавшая из Актобинска покорять зеленый город Уральск. Даже ее художественное имя - Алтынгуль, соответствует её поэтичной душе. Даулетбаева Алтынгуль уже со школьного времени имеет большой интерес к поэзии. Как творческая девушка, она поступила в филологию пополнять свои знания, найти свой жизненный путь в будущем и для дальнейшего формирования своего дарования.

И в заключении хотела бы сказать, что есть люди, о которых говорят, что на них держится земля, они просто хорошо учатся и работают. Но есть люди, которые украшают жизнь, внося в себя все лучшее, что есть в человечестве.

Айша Кемешова,

студентка первого курса.

ФИЛ-12, «Филология: русский язык»

Участие магистранта ЗКГУ на 550-летие Казахского ханства

«Культура – это отражение нации, ее души, ума и благородства. Цивилизованный народ гордится ходом своей истории, развитием культуры, великими людьми, прославившими страну и внесшими огромный вклад в золотой фонд мировых достижений мысли, искусства. Именно посредством культуры, традиций нация становится известной».

Н. А. Назарбаев



Настоящим праздником для магистранта 2-го курса специальности «Дизайн» ЗКГУ им. М.Утемисова Самата Сарманбекова, стало участие на республиканской выставке в честь 550-летия Казахского ханства, проходившая в сентябре 2015 года в городе Астана.

Целью данной выставки было поддержание имиджа Казахстана и казахской культуры, демонстрация единства казахского народа, поиск молодых талантов, приобщение к миру прекрасного, большего количества людей. Тематика проведения выставки является хорошей основой для изучения отечественной истории и культуры, воспитания любви к родине.

Казахстанская земля является родной для многих поколений различных этносов населяющих Казахстан, а казахская культура один из факторов объединения народа.

Казахский народ имеет многовековую историю, является обладателем культурных ценностей, вошедших в сокровищницу мировой цивилизации. По количеству и разнообразию памятников, Казахстан не уступает таким странам как Индия, Китай, государствам Средиземноморья и Ближнего Востока и является своеобразным музеем под открытым небом.

Культурное наследие Казахстана вобрало в себя все многообразие культурных ценностей народов, проживавших на его территории. Это - свыше 25 тысяч недвижимых памятников истории, археологии, архитектуры и монументального искусства, более 2 млн. 56 тысяч единиц культурных ценностей, находящихся в экспозициях и фондах 89 государственных музеев, 66 млн. 840 тысяч томов книг, редких рукописей и изданий, хранящихся в

3495 государственных библиотек.

Исторически «срединное» положение Казахстана на самом обширном континенте планеты - евразийском - обусловило его причастность ко многим знаковым цивилизационным процессам и событиям. С незапамятных времен обширная казахская земля была культурной колыбелью всего евразийского пространства. В древности по степям Казахстана проходил Великий Шелковый путь, связывавший Восток и Запад. На маршрутах караванных путей были представлены многие культуры, обычаи и традиции, религии - исламская, христианская, буддистская и конфуцианская. Наследием той эпохи являются многочисленные памятники истории и культуры. Это настоящие жемчужины древнего, средневекового, восточного архитектурного искусства и культуры. 218 таких объектов вошли в Государственный список памятников истории и культуры Казахстана.

В выставке приняли участие все регионы Казахстана, в ходе мероприятия проходили музыкальные концерты, выставки прикладного искусства. Данное мероприятие проходило без оценки работ, а как смотр талантов профессиональных коллективов и авторов работ прикладного искусства.

Магистрант специальности «Дизайн» Самат Сарманбеков серьезно подошел к подготовке выставки, представил свои работы в технике чеканка, филигрань, которые в течение всех выставочных дней были представлены в общей экспозиции прикладного искусства. Для магистранта творческая атмосфера мероприятия, общение с мастерами имеющие большой опыт работы, стало хорошей школой

мастерства и вдохновила на интересные идеи и творческую деятельность.

За особые заслуги в выставке по прикладному искусству посвященной 550-летию Казахского ханства Самату Сарманбекову от отдела Западно-Казахстанского областного Центра народного творчества было вручено благодарственное письмо.



Қазақ хандығынан – егемен Қазақстанға

Көк түріктер мен Алтын Орданың айбарын айтпағанда, Қазақ хандығы біздің елдігіміздің түп тамыры

Н.Ә. Назарбаев



«Бүкіл әлемді дағдарыс жайлап, дамыған елдердің өздері үлкен экономикалық күйзеліске ұшыраған мынау алмағайып заманда алыс-жақын ағайынның басын қосып, Қазақ хандығының 550 жылдық ұлан-асыр тойын өткізудің өзінің ерекше себептері бар», - деп ағымдағы жылымыздың 11 қыркүйегінде Астана қаласында мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиынды сөйлеген сөзінің өбден негізі бар. Сол негізді жалғастыруға 2015 жылдың 25-26 қыркүйек күндері аралығында Атырау қаласында болған және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Атырау облыстық әкімдігі мен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ұйымдастыруымен өткен «Қазақ хандығынан – егемен Қазақстанға» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция септігін тигізді. Конференцияға шет елдерден, Министрліктерден, Парламенттен, әкімдіктен және Қазақстанның басқа қалаларынан қонақтар келді, атап айтсақ: Фостер Гултум – Индонезия Республикасының ҚР Төтенше және Өкілетті елшісі, Христиан Камилл – Швецияның ҚР Төтенше және Өкілетті елшісі, Маммадов Рашад Эйнаддин оглы – Ақтау қаласындағы Әзірбайжан Республикасының бас консулы, бірінші санатты Төтенше және Өкілетті елші, Гийом Касперски – Франция елшілігінің ҚР мәдениет және ынтымақтастық сұрақтар жөніндегі кеңесшісі, Хайдар Мансура – Дели университетінің профессоры, И.Ганди атындағы Ұлттық өнер орталығы, Пужол Катрин – Париж қаласындағы Шығыс тілдері мен өркениеті Ұлттық институтының профессоры, Патрис Нодэн – Пуатье университетінің профессоры, Лю Син Фэн – Үрімжі қаласындағы Синьцзянь экономика және қаржы университетінің профессоры, Бекмаханова Найля Ермұханқызы – профессор, Мәскеу қаласындағы Ресей Ғылым академиясы Ресей тарихы институтының бас ғылыми қызметкері, Мейер Михаил Серафимович – профессор, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Азия және Африка елдері институтының президенті, Сыздықова Жібек

Сапарбекқызы – профессор, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Азия және Африка елдері институты директорының орынбасары, Салаев Бадма Катинович – профессор, Элиста қаласындағы Қалмақ мемлекеттік университетінің ректоры, Еңсегенов Сәрсенбай Құрманұлы – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, ізмұхамбетов Бақтықожа Салахатдинұлы – Атырау облысының әкімі және т.б.

Пленарлық мәжілістің бірінші жартысы «Атырау» мәдени орталығында өтсе, екінші жартысы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде жалғасты. Пленарлық мәжілістердің модераторы ф.ғ.д., профессор, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры Мамраев Бейбіт Баймағамбетұлы болды. Конференцияның екінші күнінде секциялық отырыстар болды. Мен және ғылыми жетекшім – т.ғ.д., доцент Ахметова Ұлжан Төлегенқызымен бірге «Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл. Отандық тарихты зерттеу әдіснамасы мен оқыту әдістемесіндегі жаңаша көзқарастар» тақырыбындағы секциялық мәжіліске қатысып, «Әбдіжәлел қожа мен оның ұрпақтарының қоғамдық-саяси қызметі» атты баяндама оқылды.

Мәжілістен кейін қонақтармен бірге Махамбет ауданы Сарайшық ауылында орналасқан ежелгі Сарайшық қаласына бардық. Ең алдымен, ауылдың керікті жерлерімен таныстық, яғни қазақтың жеті ханы жерленген күмбеге, мешітке және мұражайға бардық. Содан кейін Қазақ хандығын суреттейтін қойылым өткізілді. Қойылымның ашылу салтанатын Атырау облысы әкімінің орынбасары Мұқан Шыңғыс Жұмабекұлы ашты. Қойылым барысында келген қонақтарға шашу шашылып, шұбат берілді. Қойылымнан кейін қонақтарды үлкен киіз үйге ас беру рәсіміне шақырса, ауыл тұрғындарына арнап концерттік бағдарлама ұсынылды. Киіз үйде келген меймандар алғы сөздерін айтып, көңіл-күйлерін білдірді. Кейін профессор, академик, Алматы қаласындағы Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры Әбсаттар қажы Дербісәлі асқа бата беріп, Атырау қаласына аттандық.

Жалпы, конференция ұнады, себебі ғылыми және мәдени ұйымдастыру шаралары өте жоғары деңгейде өтті. Сонымен қатар Сарайшық қалашығы туралы біраз мәлімет біліп қайттық. Т.ғ.д., профессор Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы мен т.ғ.д., доцент Ахметова Ұлжан Төлегенқызына көрсеткен құрметтері үшін алғысымды білдіремін.

Ж.К. Нурмуханов
«Тарих» мамандығының
2-курс магистранты

Ел болашағы Махамбет ұрпағында

Қазағымның бабалары өз ұрпағына еліміздің байтақ, сардаласын үлкен үмітпен аманат етіп қалдырып кеткен. Тарихта сонау Қазақ хандығының құрылуынан бастап осы күнге дейінгі аралықты қамтыған ұлы шайқастар, көтерілістер мен соғыстар болған. Жеңіске үлкен үлестерін қосып, болашақ үшін өмірін қиған даналар мен бабалар жеке тұлғалар қазіргі оқулық беттерінде үлкен мақтанышпен жазылуда. Біздің болашағымыз жарқын болуы үшін жасаған ерліктері мен өмірбаяндары жайлы мәлімет аз болса да, олардың еңбектерін аузымыздан тастамаймыз. Ендеше солардың ішінен ұлы батыр, атақты ақын, көтеріліс басшысы хан даласында старшын қызметін атқарған Махамбет Өтемісұлы жайлы айта болсақ:

Махамбет Өтемісұлы XIX ғасырдың басында, Бөкей Орда жерінде дүние есігін ашқан болатын. Бала кезінен Жеңгір ханның ұлы Зұлқарнайынның қасында тәрбиеленген.

Жер мәселесі, салықтың көбеюі, Жайық өңіріндегі жайылымның тарылуы – шаруалар көтерілісінің басталуына түрткі болды. Көтерілістің басшылары Махамбет Өтемісұлы мен Исатай Тайманұлы 1833-1836 жж. «қарулы көтеріліске дайындық» деп сипаттаса, екінші кезеңінде ханға қарсылық көрсеткеннен жеңіліс табады. 1838 ж. шілде айында Ақбұлақ жерінде Исатай қатты жараланып дүниеден озады. Бұл Махамбет үшін ауыр соққылардың бірі болды. Сол кезеңде батыр өз жырларын бауыры, кеңесшісі әрі досы болған Исатайға арнап шығарады. Атап өтсек, «Ау, қызғыш

құс, қызғыш құс», «Исатай сөзі», «Арғымаққа оқ тиді» және т.б. өлеңдері жарық көрді.

Қазіргі уақытта Махамбет Өтемісұлының атымен көптеген білім мекемелері, аудан атаулары аталынып келеді. Соның бірі егеменді еліміздің жастарын болашақта жақсы маман иесі болуға сапалы біліммен қамтамасыз ететін жоғарғы оқу орны – М.Өтемісов атындағы БҚМУ. Бұл университеттің тарихына терең қарасақ, есімдері халыққа танымал көптеген өкілдер осы оқу орнында білім алып, жақсы маман иелері атанды. Университет өткенімен мақтанады, қазіргімен өмір сүреді және болашаққа сенеді.

Мамедова Алина
Филология факультеті
Шет тілі: екі шет тілі, 1-курс



Нұрпы жолға алғашқы қадам

«Біздің жастарымыз ғылым мен білімге ұмтылып, елдің болашағын ойлайтын болса, келешегіміз кемел, тәуелсіздігіміз баянды болады»

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев

«Армансыз адам, қанатсыз құспен тең» деген халық нақылы бар, десек те асылында армансыз адам болмақ емес. «... арман деген көп белес. Біріне шықсаң, бірі бар» деп XX ғасырдың дана жазушысы Ғабиден Мұстафин айтқандай адам бір арманына жетсе, алдынан екіншісі қол бұлғап тұратыны өмір заңдылығы.



Өз басым армандарды орындалу ұзақтығына қарай үлкені кішісі болады деп ойлаймын. Ал сол армандардың қайсысының болмасын орындалуы үшін талмас талап пен табанды еңбектің қажеті даусыз. Иә, мен бұл жерде қазіргі кезде жоғары оқу орынын бітірген түлектердің көпшілігінің арманы болған ғылымға аларар алғашқы баспапдақ магистратураға түсу туралы айтпақпын.

Қазіргі уақытта үкімет еліміздегі білім беру саласына көп көңіл бөлуде. Еліміздің барлық өңірлерінде көптеп бала бақшалар мен мектептердің салынуы, Н.Ә.Назарбаев атындағы жаңа университеттердің ашылып, жоғары оқу орындарындағы бакалавриат пен магистратура мамандықтарына мемлекеттік білім гранттары санының жылдан жылға өсуі осының айқын дәлелі. Бүгінде магистратура мамандықтарына тапсыратын талапкерлер саны жыл өткен сайын көбейгенін естіп те көріп те жүрміз. Бірақ «Біздің қоғамда адал еңбекті терең біліммен ұштастырған ғана табысқа жете алатынын қаперден шығармаған абзал» деп Елбасымыз айтқандай оған еңбектеніп,

ізденбеген адамның түсе қоюы екіталай. Себебі қазіргі кезде магистратураға түсушіге қойылар ең бірінші және маңызды талап - ол шет тілдерін білу. Магистратураға түсу біздің де арманымыз бола-тұғын. Қазір, яғни оған қол жеткізгеннен кейін қарап отырсам, бірге оқып жүрген курстастарымының кейбірі өзім секілді 2-3 жыл ағылшын тілі сынағынан өте алмағандар, ал кейбірі бакалавриатты бітіре салысымен түскендер екен. Олардың көпшілігі осы алғашқы сынақтан өту үшін арнайы курстарға барғанын, өз беттерімен де көп ізденіп оқығандарын айтады. Мен де бірнеше жылғы сәтсіздіктерден соң осы жылы ағылшын тілі курсына барған өдім. Оны да оқуыма өуелі алла (өзімнің ішкі ойым) содан соң өзім еңбек еткен университетім көмектескен еді. Кезекті сәтсіздіктен соң сүлессе жүрген шақтарда мен еңбек етіп жүрген бөлімге М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің білім жетілдіру бөлімінен ағылшын тілін оқығысы келетін университет қызметкерлерін курсқа жазамыз деген хабар келгенде мен дереу барып жазылған болатынмын. Нәтижесінде оқу жылының соңында университет қызметкерлерін Мемлекеттік тіл дамыту департаменті ақысыз үш ай ағылшын тілін оқытатын болды. Сөйтіп ағылшын тілін үш ай оқығанымыз арқасында алғашқы сынақтан ең жоғарғы балдың жартысынан көбін жинадым. Бұл мен үшін үлкен қуаныш болды. Кейін оқуға түскен соң өзім іштей «Үш ай оқығандағы нәтиже 100-дің жартысынан көбіне жетті, ал алты не болмаса бір жыл оқығанда бұдан да жоғары

болар ма еді?» деп сауал қоямын. Тіл үйрену, білімді іздеу ол адамның асқақ арманына, берік өрік-жігеріне байланысты екен, адам алдына бір мақсат қойды ма сол жолда аянбай еңбек етіп, өзін ешқашан еріншектікке, «менің қолымнан келер ме екен» деген сенімсіздікке жөңдірмеу керек екен. Сондықтан білім қуған жастың қай қайсысы да өр кез ізденіп, көп оқып, ағылшын тілінен сөздік қорын молайтып, оқуға түсуге талаптанса алынбас қамалдың жоқтығына өз басым сенемін.

Сөнбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап, Әуре етеді ішіне қулық сақтап, Өзіңе сен, өзіңді алып шығар Еңбегің мен ақылың екі жақтап, - деген дана Абайдың осынау өлең жолдары кеудесі арманға толы, алдына үлкен мақсаттар қоятын әрбір жанның ұранына айналуы тиіс деп ойлаймын. Себебі адамға өзінен артық көмекші болмайды екен, бұлай деуіме менің және менің курстастарымының басынан өткерген биылғы сынақ куә. Сөз соңын Елбасының жастарға айтқан мына сөздерімен аяқтасам деймін: «Беталысы күнде өзгерген алмағайып дүниеде адамзат үшін ешқашан өзгермеген, өзгермейтін темірқазықтар бар. Ол – білім! Ол – еңбек!». Еңдеше, біз, жастар қашан да білім алуға, еңбектеніп ғылым үйренуге, үнемі өзімізді жетілдіріп отыруға ұмтылайық!

Гүлнұр Исмағұлова,
6M011700 «Қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығының 1-курс магистранты

БІЛІМДІ ЖАСТАР – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

«Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл – ой – азаттығымыздың алдаспаны»

Н.Ә.Назарбаев

«Еліміздің басты капиталы – білімді жастар», - деген болатын Елбасы. Білім мен ғылымның арқасында адамзат баласы өркендеп-өсіп, алға қарай жылжып келеді. Сол бот-йынша өркениет дамып, уақыт өте заманға сай жаңашылдық бой көтеруде. Өлемнің жетекші елдерінің көпшілігі білім беру жүйесін, білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды, іскерлікке қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам қарқынмен өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады.



Қазақстанның білім беру жүйесі санға ғана емес, сапаға негізделуі – бүгінгі күн талабы. Еліміздің болашағының бүгінгіде де нұрлырақ болуына ықпал етіп, алға апаратын күші білімге байланыстылығы айқын көрінуде. Білім мен ғылымның дамуы - адамзат өркениетінің өлшемі. Білім саласы үнемі жетіліп, жаңарып отыруды қажет етеді. Біз өмір сүріп отырған

қазіргі кезең – бұл жаңа дәуір, жаңа көзқарасты, жаңашылдықты талап ететін кезең. Елбасының саясаткерлері арқасында білім саласы жылдан жылға жақсы нәтижелерге қол жеткізуде. Алайда, талғам өзгергенімен талап жалғыз. Ол – қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті білімді ұрпақ қалыптастыру. Алған білімі мен біліктілігі негізінде бүгінгі өзгермелі өмірді еркін бағдарлай алатын, өзін-өзі дамытып, өз бетінше дұрыс, жауапты шешім қабылдай білетін тұлғаны тәрбиелеу – қоғамдық мәні үлкен мәселе екендігі белгілі. Осы ретте зор білімді және ғылыми инновациялық инфрақұрылымы жоғары халықаралық деңгейдегі классикалық университет болуды басты мақсат тұтып, оқу, ғылым, тәрбие үрдісінің бірлігі мен жаңашылдығының арқасында түлектердің кәсіби деңгейін жоғарылату және олардың еңбек нарығында қабілеттілігін қамтамасыз ету міндетін жүзеге асырып келе жатқан М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетін атамау мүмкін емес. Негізгі нысананы ескеңең ұрпаққа жол көрсетуге арнаған университеттің жетер жетістігі мол.

БҚМУ деген сөзді естігенде санаға бірден-сапа, дәреже, бәсеке, жүйрік, бірінші, көшбасшы,

абырой, білікті деген сөздер енеді. Университет халықаралық өріптестікті кеңейту саласында, академиялық ұтқырлықты арттыруда, әлеуметтік серіктестікті дамытуда көш ілгері келеді. Университет қабырғасында оқығаннан бері студенттердің ғылыми – зерттеу жұмыстарымен шұғылданыуына, қоғамдық шараларға араласуы, сабақтан тыс уақытын тиімді пайдаланып, жан-жақты өсуге, дамуға барлық жағдай жасалғандығы белгілі. Оқу үлгерімі өте жақсы және университет өміріне белсене араласқан студенттерге арнайы атаулы шөкіртқы тағайындау студенттер қауымына деген қамқорлық, сенім білдіру де таныс маған. Өйткені, Н.Ә.Назарбаев атындағы атаулы шөкіртқы иегері атану әрбір студентке арман деп білетінім, сол арманыма қол жеткізген мерейі үстем, болашағы жарқын маған өмірге жолдама берген білім ордам – БҚМУ! Атаулы шөкіртқы иегерлерінің қатарынан табылу, университет белсендісі болу мәртебесі сол сәтте-ақ өмірімдегі басты таңдауымды жасауыма, білімдімі өрі қарай магистратура сатысында жалғастыруыма септігін тигізген еді.

БҚМУ-да бәсекеге қабілетті жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі қалыптастырылған, ғылымның инновациялық дамуына бастама беретіндігі магистратураға таңдауымды бірден айқындады. Бүгінде мен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, жаратылыстану – география факультеті, 6M060700 «Биология» мамандығының мемлекеттік грант негізінде оқитын I курс магистрантымын.

Елбасымыздың «Біздің жастарымыз ғылым мен білімге ұмтылып, елдің болашағын ойлайтын болса, келешегіміз кемел, тәуелсіздігіміз баянды болады», - деген ұлағатын сөздері ғылым

жолына алғашқы қадам жасауымда үлкен серпіліс берген болатын. Заманауи және озық білім беру жүйелерін үнемі сапалы біліммен қатар, саналы тәрбие берумен ұштастырған университет саясаты дарынды да талапты жастардың білімге деген құштарлығын арттыра түсті. Бұған дәлел магистратурада оқуға ынта білдірген жастардың көптігі, білім мен ғылымның біртұтас кеңістігіне қызығушылықтарының жоғарылығы, мақсаттарының айқындығы. Қазіргі кезде Жоғары оқу орнынан кейінгі бөлімнің мөлметі бойынша М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде 149 магистрант білім алуда: мемлекеттік тапсырыс бойынша 79, ақылы негізде – 70. Бұл көрсеткіш сапа мен жоғары кәсіби біліктіліктің нәтижесі.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жыл сайынғы Жолдауында Қазақстанның білім саласына ерекше назар аударып келеді. Болашақ ұрпақ үшін заманауи әдістер мен технологияларды өнгізу, білімге қолжетімділікті кеңейту, білім сапасын арттыру Қазақстанның одан өрі қарыштап дамуына үлкен үлес қосады. Білімді ұрпақ – жарқын болашақтың көпірі, болашақтың тірегі жастардың білім саласында толыққанды білім алуына жағдай жасалып отыр. Болашақта тәуелсіз еліміздің тұғыры биік, қарыштап дамуы үшін сапалы білімі, саналы тәрбиесі бар отансүйгіш жастар ғана бар белесті бағындырары хақ. Қазір білекке емес, білімге сенетін заман, сондықтан ғылым мен білімге ұмтылып, келешегіміз кемел, тәуелсіздігіміз баянды болуы үшін аянбай еңбектенейік!

Асемгуль САРСЕНОВА,
биология мамандығының
I курс магистранты

Мақсатқа жету жолында

Мінекей, студенттік өмірдің төрт жылы төрт күндей болып өте шықты. Осы студенттік өміріміздің төрт жылын не нәрсемен өткердім, даму бар ма өмірімде, жоқ әлде кері кету басым ба менде? Адам даму үшін өзіне есеп беріп қойғаны дұрыс . Студенттік өмір - қиындығы мен қызығы қатар жүретін, адамның есте қалар ерекше кезеңі ғой. Алғашқы кезде үлкен қалада ата-анаңызсыз өзіңнің оқуың, жаңа ортаға үйренісуің, сабақтың қиындығы, тамағының бірде бар, бірде болмай қалатын кездері. Кейіннен беріне бейімделіп кеткеннен кейін, жаңа достар тауып қаламан танысып қызықтар басталады.

2011 жылы Тараз қаласынан келіп М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың мемлекеттік грант иегері ретінде қабылдандым. Университет табылдырығын аттағаннан бастап өмірімде көптеген жетістіктерге қол жеткіздім. Бұл менің өмірімнің жаңа парақшасы.

Ең алғашқы стипендия ыстық көрінеді, ал ең алғашқы сессияны үлкен қорқынышпен күтесің. Өрдайым белсенді болуға тырысы, таң атпай сабаққа бару дағдыға айналады. Сабақты оқи жүре ғылыми жұмыспен айналысып, пәндік олимпиаданы да қатар алып жүрдім. Президенттік шөкіртқы иегері болдым. Үш жыл қатарынан жүлделі орындар алдым. Соның бір жылына тоқтай келсек:

2014 жылдың 27-28 наурыз аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттерінің арасында «5B060600-Химия» мамандығы бойынша Республикалық пәндік олимпиадасы ұйымдастырылды. Жалпы олимпиадаға Республиканың жоғары оқу

орындарынан 8 команда қатынасты. Шараға М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің жаратылыстану-география факультеті химия кафедрасының студенттерінен құралған «Махамбет» командасы қатынасты. Аталмыш команданы олимпиадаға дайындаған университетіміздің белгілі ғалымы, химия ғылымдарының докторы, химия кафедрасының профессоры Дина Көнжібекқызы Мәндалиева болатын. Олимпиада қорытындысы бойынша командалық есепте университет командасы жүлделі II орынға ие болса, мен жекеменшік есепте II орынға ие болдым.

Студенттік шақ, шіркін, таусылмастай көрініп еді. Бакалаврдағы 4 жыл көзді ашып-жұмғанша өте шықты.

ЖОО-да болашағын бағамдап, күш-қайратын білімге, өнерге жұмсамақ болып келген, талабы таудай қыз-жігіттер де жетерлік жоғары оқу орнында. Мемлекеттің сапалы, саналы, бағалы бөлігі

осындай жастардан шықса керек, сіре! Осындай студенттерге қызыға да қызғана қарайсың Мен де бөлім осы жолды ұстанатын шығармын. Бір шындығы сол мақсатқа жетудегі жолды көркемдейтін - білім, сабыр мен талаптың, күш пен табандылық. Мен алар асу - үлкен! Осындай мақсатпен төрт жыл тамамданғаннан кейін білімдімі нығайту үшін өзім арнайы дайындалып, магистратураға оқуға түстім. Өзімді елімнің патриот азаматымын деп айта аламын.

«Алдыңа қарап жасарасың, артыңа қарап қартаясың» деген сөзді магистрант атанғанда түсініп жатырмыз.

Білім мен ғылымның адамзат тарихында шешуші ықпалы көп дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Қазіргі жасампаз жастар мәдени интеграция, білім сапасын көтеріп, оны жаһандандыру және ізгілендіру арқылы Қазақстанның толыққанды өмір сүруін, ұлттық қауіпсіздігін сақтап, көркеюін қамтамасыз етуі тиіс. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ғасырлар мақсаты – саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген ХХІ ғасырды құрушы іскер, өмірге икемделген, жан-жақты жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру», - деген болатын. Ол үшін бүгінгі оқу үдерісінде әрбір патриот қарымды қадамы арқылы жасампаз күшке айналуы тиіс деп ойлаймын.

Нұрбек Серікұлы,
6M011200 «Химия» мамандығының
1-курс магистранты



МЕКТЕП ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР



- Өлемнің 43 елінде оқу жылы 1 қаңтардан басталса, 16 елде наурыз айында басталады. Ал біздің елімізде және 122 елде 1 қыркүйекте басталады.

- Чехияда ең жоғары баға "1", ал ең төмен баға "5". Францияда 20 балдық жүйедегі баға қойылады.

- АҚШ туында бейнепенген жұлдызшаларды мектеп оқушысы ойлап тапқан.

- Америкалық жасөспірімдер шамамен 12000 сағат оқуға және 14000 сағат теледидир көруге жұмсайды.

- Ең көне оқу орны Фес қаласындағы "Карауин". Ол б.з.д. 859 жыл бұрын құрылған.

- Ең көп оқушы оқыған мектеп Үндістанда. 28000 мыңға жуық оқушы оқыған.

- Ең ұзақ оқу Ұлыбританияда болды. Роберт Кронин 52 жыл оқып, 72 жасында оқу бітірген.

- Ең қымбат оқу "Халықаралық бозбала мен бойжеткендердің мектебі". Оқу ақысы бір айға 77,5 мың доллар тұрады.


- Ең ұзақ оқу 56 сағатқа созылған. Биология профессоры өзінің дәрісін оқыған. Бұл 2003 жылы Австралияда болған.

- Ең көп түлектер кездесуі Германия елінде өткен. Оған 2,5 мыңнан астам түлек жиналған. Кездесу мектептің жүз жылдығына орай ұйымдастырылған.

«НҰРЛЫ ЖОЛІМЕН» - НҰРЛЫ БОЛАШАҚҚА

Шырайлы көктеммен қрштасып, шуақты да жайдарлы жазды қарсы алып, көңілдері гүлденген студенттің жазғы демалысқа асығары анық. Бірі ауылдағы ата-ана, бауырларына асықса, ал біреулері жазғы демалысын тиімді пайдаланады. Тиімді демалыс – жарқын болашақ келімі. Осы орайда білім ордамыздың жанынан арнайы құрылыс жасағы құрылды. Сол жасақтың маусым айындағы құрамында студенттік декан Қырықбаев Нұрбол жасақтаған "Нұрлы жол" жасағы қызмет атқарды. Ең алдымен студенттік құрылыс жасақ басшысы Зұлхаров Әділгерей ағамыз арқылы "МАРАСАНТ" компаниясымен 1 айлық келісім шартқа отырды. 9-маусым күні құрылыс сарбаздары толық құрамда жұмысқа кірісті. Студенттер арнайы құрылыс киімдерімен және құрал-жабдықтармен жабдықталды. Жасақтың арнайы топ басшысы болғанымен, студенттерге бағыт-бағдар беретін арнайы бригадир сайланды. Студенттер күн сайын тәңертенгі сөзіден көшкі сөзізге дейін жұмыс атқарды, яғни күніне он бір сағат тер төкті. Бастапқыда студенттер жұмыс кестесіне байланысты аздаған қиыншылыққа тап болған болатын, себебі күн ұзаққа жұмыс жасау оңай емес, уақыт өте келе барлық студент осы жұмыс кестесіне үйреніп көтті. Жұмыс кезінде студенттер белсенділік көрсетіп, көптеген пайдалы жұмыстар істеді. Студенттік құрылыста жұмыс жасаған кезде студенттер өздерінің жасаған жұмыстарын мақтан тұтуы тиіс. Себебі, олар өз бойында жаңа қабілеттерін ашып, алдағы уақытта Орал қаласының тұрғындары және қонақтары демалатын саябақтың құрылысына барынша өз үлестерін қосты.

Қайырлы Жұбаныш,
информатика мамандығының 3-курс студенті



«Академиялық ұтқырлық - жаңашыл білім бастауы»



Қазіргі уақытта академиялық ұтқырлық бағдарламасымен Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде оқып жатқан 02301-топ студенттері Кеңесова Ақбота және Мағзомова Гүлсезіммен сұхбаттасып көрген едік.

- Қалайсыздар? Миллиондардың шаңырағы болған Алматы сіздерді қалай қарсы алды?

Кеңесова Ақбота:

- Өте жақсы. Университет қызметкерлері бізді зор ықыласпен қарсы алды..

Мағзомова Гүлсезім:

- Ойдағыдай қарсы алды. Топ эдвайзері университет тарихымен таныстырып, университет территориясында орналасқан ғимараттарды аралатты. Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультетінің деканы А.О.Тымболовамен жеке кездесу өтті.

- Алматының ауа-райы қалай? Ұнады ма?

Кеңесова Ақбота:

- Әрине, Алматы Орал қаласына қарағанда оңтүстікте орналасқандықтан, әлдеқайда жылы. Күздің ызғарын әлі сезбедік.

- Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде оқудың артықшылықтары неде?

Мағзомова Гүлсезім:

- Артықшылығы да, ерекшелігі де көп. Неге десеңіз, тек қыздарды ғана оқытатын әлемде екі университет болса, бірі – Кореяда, екіншісі – Алматыдағы ҚазМҚПУ. Тек қыздар оқитын болғандықтан, білім ордасында тәртіп те, тәрбие де өзгеше. Келешек ұрпақ пен ұлтты тәрбиелейтін, болашақ ұстаздар мен ана атанатын арулардың көпшілігі осында оқитындықтан, университетке түсетін салмақ та ауыр, жауапкершілік те мол.

- Ондағы оқу жүйесін қалай бағалар едіңіздер?

Кеңесова Ақбота:

- Оқу жүйесінде жаңашылдық байқалады. Әр студент университет жүйесіне кіріп, сабақ кестесін, силлабусты, өзінің сабақтан алған бағаларын біле алады. Яғни әрбір оқытушы мен студенттің жеке логин парольдері бар. Кітапхана өз алдына бөлек ғимаратта орналасқан. Әрі кітап қоры айтарлықтай мол.

- Жаңа достар, бөгде қоғам, басқа университет қандай әсер қалдыруда?

Мағзомова Гүлсезім:

- Ректор грантын ұтып алу арқылы Қытайдан, Өзбекстаннан келген және де Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналған студенттермен араласып, өзіңе жаңа достар табудың өзі де ерекше құрмет деп білемін.

- Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша еліміздегі басқа қалаларда ауысып оқығысы келетін студенттерге қандай кеңес бере аласыздар?

Кеңесова Ақбота:

- Қазіргі таңда оқимын деген студентке мүмкіншілік мол. Соның бірі – осы бағдарлама. Армандарымыздың бір бөлшегі осы бағдарламамен орындалды. Әр адам өз өміріне жаңашылдық енгізіп, жаңа қадам жасай білуі тиіс. Бұл бағдарламаның артықшылығы – студенттерді алмастыру арқылы тәжірибені де алмастыруға болатынын дәлелдейді.

Әңгімелеріңіз үшін рахмет!!!

ТАУДАҰ ТАЛАБЫМ ТАЛМАС ҚАНАТ БІТІРДІ

Елбасымыз "Елдің болашағы - жастардың қолында" деп жастарға, соның ішінде білім алумен қатар ғылыммен, қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан студенттерге қолдау көрсетіп отыр.

Оның бірден - бір дәлелі, менің осы университет табалдырығын аттағалы өткізген 3 жылдық уақытымды, сол уақыт аралығында жеткен жетістіктерім мен көрсеткен оқу үлгерімім, соған сай алған ең үлкен қолдауым - Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атындағы шәкіртақы иегері атануымды ең үлкен мақтанышпен айтар едім.

Мен арман қуып, 2013 жылы Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Жанама ауылынан М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеттің физика - математика факультетінің "Физика" мамандығына оқуға түстім. Бала жастан бастап өзіме қойған мақсатым ата - анамның үмітін ақтап, мектеп қабырғасын үздік аяқтау болса, осы көзқарасымды өзгертпей әрдайым алда және үздік, мамандығымның нағыз иесі болуды университет табалдырығында да ұстандым. 1-курстан бастап топ басшылық қызметті атқара жүріп, әр түрлі кураторлық сағаттар, тәрбиелік шаралар, спорттық-мәдени жұмыстар, ғылыми конференциялардың белсенді қатынасушысы атандым. Қоғамдық қабылдау комиссия жұмыстарында оқытушыларға көмек көрсетіп, "Жасыл Ел" жастар еңбек жасағында үздік жұмыс атқардым. Біліммен қоса қоғамдық жұмыстарды қатар алып жүргенімді көрген куратор, декан, оқытушылар құрамы Н.Ә.Назарбаев атындағы

шәкіртақы бар екенін және менің оны иеленуіме толық мүмкіндікке ие екенімді ескерте отырып, ұсыныс жасады. Бұл мен үшін асқан қуаныш болды. Олай деуімнің себебі, менің бұндай атаулы шәкіртақы иесі атануым - болашаққа бастар даңғыл жол есебінде саналатын еді. Менің қадамым өмірімді түбегейлі өзгертті. Бойыма үлкен жауапкершілік, бұдан да үлкен асуларды бағындыруға күш-жігер дарытты. Бұл шәкіртақыны алу көбінің қолынан келе бермейтінін түсіндім.

Елбасымыздың атындағы шәкіртақыға ие болуым, біріншіден, білімді жастарды қолдап отырған көшбасшымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың, содан кейін ата-анамның, жол бастап отырған оқытушыларымның, қолдау көрсеткен деканымның, одан соң өзімнің еңбегімнің арқасында деп айта аламын. Университетте оқитын әрбір студенттің мұндай жетістіктерге жетуіне толықтай мүмкіндігі бар. Барлық студенттерге ғылыммен, қоғамдық жұмыстармен айналысыңыздар, өл ертеңі бүгінгі сіздің бастамаңыздан басталады деп айтқым келеді.

Айгерім Төлен,

физика мамандығының 3-курс студенті

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ БАЙЛЫҚ - ӨРКЕНИЕТТІҢ НЕГІЗІ

Білім - адамзат дамуының алғышарты болып табылады. Білім мен техника жарысқан заманда мемлекет азаматтарының өл дамуы үшін жеткілікті білім алуы қажет. Себебі елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқының дүние жүзінің дамыған 30 елінің қатарына енуі үшін техникалық прогресті дамыту қажеттілігін баса айтты.

Техникалық прогресті интеллектуалды байлықсыз жүзеге асыру мүмкін емес. Өйткені қолдағы бар ресурстар мен мүмкіндіктерді тиімді пайдалана білу экономиканың қарыштап дамуына жағдай жасайды. Ол - ең алдымен озық инженерлік шығармашылық технологиялық үрдістің қалыптасуын, техниканың дамуын талап етеді. Қазіргі кездегі осы жөйт мемлекет алдындағы күрделі мәселелердің бірі. Ал техниканың, технологияның дамуы тек салыстырмалы түрде, яғни бір елдің техникалық жетістігін екінші елдің техникалық көрсеткіштері салыстырып білуге болады. Бұл - күрделі бәсеке, ғылымдағы, білімдегі жарыс. Бұл жөнінде қоғам қайраткері, ағартушы-ғалым Ахмет Байтұрсынов былай жазған еді: «Ғылым, өнер артылған сайын дүниеде бейнет кемімекші. Осыған ақылы жетіп, есі енген жұрттар ғылым мен өнерді бірден-бірге асыруға тырысады. Асыру үшін әр түрлі істер істейді. Сол істердің бірі - білім жарысы». Міне, осындай білім-ғылым жарысы қазіргі уақытта біздің салада дәстүрге айналууда. Ол Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2005 жылдан бері жыл сайын жариялайтын орта мектептің үздік мұғалімі

мен жоғары оқу орнының үздік оқытушысы мемлекеттік гранттары. Грант иегерлері еліміздің білім мен ғылым саласындағы үздіктері болса, біздің университеттің де біраз оқытушылары осы грант иегерлері атанды. Сол сияқты студент жастар мен магистранттардың үздік ғылыми жұмыстарының республикалық байқауы да өткізіледі. 2014-2015 оқу жылында біздің университет бойынша он бір студент республикалық байқауға өздерінің ғылыми жұмыстарын ұсынып, жүлделі орындарды иемденді. Атап айтсақ, 1-орынға екі студент, 2-орынға үш студент, 3-орынға алты студент. Осының ішінде информатика мамандығының студенттері Қ.Кабиев жүлделі 2-орынға, М.Байзуллаев 3-орынға ие болды. Болашақта осындай байқаулардың аясын кеңейтетін Еуропа, Азия елдерінің байқауларына қатынасып, өз деңгейімізді көрсете білсек, осыдан сан мыңдаған жыл бұрынғы ата-бабаларымыздың арманы орындалды деп есептеуге болады.

Е.С.Айталиев,
информатика кафедрасының
меңгерушісі



Алғашқы қадам

Бейтаныс кісі – бітеу жаңғақ

Бейтаныс кісі – бітеу жаңғақ
Жақсыға қылған жақсылық
өмірінде тозбайды,
Жаманға қылған жақсылық
бір күнгідей болмайды.

Халық даналығы

Он бір жылдық мектепті аяқтап, дәстүрлі ұлттық бірыңғай тест тапсырып, жинаған балымызды қанағат тұтып, жоғары оқу орнына түсуге талаптанып, құжат тапсырып болған кезіміз. “Қайдасың университет?” деп, студенттік өмірді бастан кешіруге дайын болғандай, алқынып, қиялдың жетегінде жүріп, біресе қуанып, біресе үйді қимаған көңілшектікпен үлкендерден бата алып, тамыздың аяғына таман арқаланып жолға шықтық.

Хромтаудан Ақтөбедегі апамның үйіне келіп, тағы да реттеніп, сағат бестердің шамасында тура теміржол бекетіне тарттық. Машина ішінен ажарлы Ақтөбенің көшелеріне тамсана қарап, көзді ашып-жұмғанша бекетке де келіп қалыппыз... Қаптаған адамдар, ауыр сәмкелер, шуылдаған пойыздардың дауысы. Теміржол бекетінің ар жақ бетіне шығып, “Ақтөбе-Орал” пойызын күтіп отырмыз. Анамнан сусынға деп тиын алып, дүкенге қарай бұрылғанда абайсызда бір жас қыз дейін десем, қыз емес, келіншек дейін десем, балаша жәудіреген көздеріне қарап, олай да айта алмаған қалпымда бейтаныс аруға соқтығысып қалдым.

«Кешірсіз» деген дірілдеген үнімен маған бір қарап, жүгіріп кете барды. Іштен салқын суымды алып, орныма кепе жатып, өлгі бейтаныс келіншекті анамның жанынан көргенде, таң қалдым. Қасында жасы егулерден асқан апайы бар. Оларға барлай қарап, тұрған орнымнан тапжылмадым. Пойыз келуге өлі жарты сағаттай уақыт бар. Сол уақытты өлгі бейтаныс жанның еңгімесін тыңдаумен өткіздік.

Мен түйсе жаздаған өлгі жан имансыз жаңдардан таяқ жеп, екі баласынан күтпеген ауыр-ауыр сөз естіп, ақыл-есін кем қылған ата-ене мен өмірлік жолдасының балғадай жұдырығынан қашып құтылған жас келіншек екен. Ал жанындағысы - осы келіншекке қол ұшын созып, қалтасынан билетке деп ақша беріп, өліне көтуге көмектесіп, анасындай қамқор болған көрші апасы. Ақтөбеде одан басқа өлгі келіншектің жанашыры жоқ-ау, сіре! 9-вагонның қай жақтан келетінін, қандай орынға отыратынын сұрастыру үшін анамның қасына келген. Себебі, жас келіншектің сауаты көм. Өрине, ондай еңгімені тыңдап тұруға болмайтынын білсем де, алшақтау орынға жайғасып, олардың еңгімелеріне еріксіз құлақ түрдім. Үстіне өрім-өрім сары көйлекті іле салған, аяғында сірісі қисайған сұрғылт сүйретте, шашы тарауға көлмейтіндей үйіскен, жанары мұңға толы жас келіншектің сол уақыттағы күйі мені ойлантпай қоймады.

- Қыздарым, сапарларың оң болсын! Қандай пойызға мінісіндер?

- “Ақтөбе-Орал”, ана!

-Түрлеріне қарасам, имандарың беттеріне шығып тұрған балалар сияқтысыңдар. Мына қызымды Оралдың 9-вагонына мінгізіп жіберейін деп едім. Өзі ауырыңқырап та тұр. Менің үйіме алқынып жүгіріп келіп, есінен танып, құлап қалып еді. Енді пойызға өзін мінгізуге қорқып та тұрмын.

- Ана, оған не болды?

- Үйінен қашып шыққан бойы осы. Енесімен бір дастархандас болып едім кезінде. Қазірде араласпаймын. Тек сауап үшін көмегімді көрсетіп келемін. Адамға жақсылық жасасаң, түбінде жасаған жақсылығын өзіне екі есе боп оралады демей ме,- деп, апай да жабырқап тұр. Мына бала - соның келіні. Дәл осылай бір-екі рет пойызға мінгізіп жіберіп едім. Үйінде күйеуі, ата-енесі, ауладағы пәтершілері де мына жас келіншекке күн бермей ұрып-соққан, содан осылай ақыл-есін кем қылып тастаған. Міне, бүгін



тағы қайталанып тұр. Өзі тым жақсы келіншек еді,- деп өлгі апай жылап жіберді.

- Қап! Апа, біз “Ақтөбе-Оралдың” 11-вагонына мінеміз, әрі Ақсайдан түсіп қалатын өдік (жолшыбай Ақсайға соғуды жоспарлағанбыз). Қазір пойыз келгенде ішіне кіріп, орналастырып, жанындағы адамдарға айтып қойсаңыз болды ғой, болмаса, жолсәрікке тапсырып қойыңыз, аман-сау жетер,- деп анам жаңағы апайға қолдан келгені осы дегендей үн қатты. Тіпті олардың еңгімесін тыңдаймыз деп, аттарын да сұрамаппыз. Ең өкініштісі де сол...

- Мені олар қатты ұрады, барлығы маған жабылады, балдарым да маған жаман сөздер айтады. Бірақ оларды тастағым келмейді, -деген бақытсыз келіншектің көздерінен моншақтап жас төгілмесі бар ма? Жылаған күйінде өлгі келіншек Оралға, анасы мен сіңлісінің қасына көтіп бара жатқанын айтты. Бойында “ күйеуім артыман қуып келеді-ау” деген қорқыныш та бар. Мен оның жәудіреген көздерінен соны ұқтым.

- Сен Оралға барғасың, біраз уақыт демалып, денсаулығыңды түзеп ал. Содан соң жұмыс ізде, өз-өзіңе қара, шашыңды бояп, тістеріңді дұрыстат, үстіңе жаңа киім алып, бойыңды тік көтеріп жүр. Балдарың ескесін сені өздері-ақ іздеп келеді. Тек сен мықты болуың керек. Сонда ғана бәрі түзеледі,- деп апам оған өз ақылын да айтты.

- Айналайындарым, рахмет сендерге! Қызыма осындай сөздер керек еді. Қызым енді аман-есен өліне жетіп, өз-өзіне келсе, Апланың сендерге нұры жауар,- деп рахметін айтып, апай қасымызда тұра берді. Сәлден соң алыстан түтінін будақтатып келе жатқан пойызды көріп, апай мен келіншек пойыз тоқтайтын жолға қарай алқынып жүгіріп кетті. Біз де вагонымызға міне бастадық. Біраз уақыттан кейін Ақтөбеден ұзап та кеттік. Вагонның терезесінен сайын даланың сұлулығына қарап, ойланып отырдым. Терең ойға баттым. Көз алдымда болған оқиға құдды бір киноғадай елестеді. Өлгі келіншектің маған соқтығысып қалуы, күтпеген жерден оны анамның жанынан көруім, оның жылағаны, бізге айтып берген басындағы жағдайы, оның бұдан кейінгі тағдыры мені қатты толғандырды.

Мен сол жылғы сапарымда теміржол бекетінде кездестірген бақытсыз келіншектің тағдырынан бұл өмірде қайырымды да қатігез жаңдардың бар екеніне, адамгершілік пен имансыздықтың қатар жүретініне тағы да бір көз жеткізгендей болдым. Кейде Оралдың көшелерінде келе жатып, сол келіншекті көріп қалатындай айналама байыппен қарап, адамдардың жүздеріне үңілемін. Студенттік кезеңге қадам басар тұсымда осындай оқиғаны көргенім алдағы уақытта өзіме сабақ болып, “ өмір” атты көруен жолында сан алуан тағдырдың болатынын есіме салат ындай.

Арайлым Ғани,
«ФҚТ», 02205-топ



Дәл осындай атаумен қыркүйек айының 7 жұлдызында, филология факультетінде жас ақындар мұшайрасы өтті. 1-2 курс студенттері қатысқан жыр додасында 15 жас ақын бақтарын сынады. Жас таланттар сайыстың I кезеңінде тіл туралы өлеңдерін оқыса, II кезеңінде өркін тақырыпта өз жырларын көпшілікке паш етті. Жас ақындардың өз жандарынан шыққан жалынды жырлары көрермен қауымды өрекше әсерге бөледі. Дүркін-дүркін шапалақтар соғылып, «әй бәрекелді!» деген сөздер ақындарға шабыт сыйлады.

Жыр додасына жоғарғы курс студенттері Ж.Шынтаев, Ж.Болатбекұлы, Д.Шамұратов, А.Шығыров қазылық етті. Мүшәйра қортындысы бойынша I орын М.Ғылымхановқа бұйырды. Қ.Ақтілеу II орыннан көрінсе, Ж.Ықсанғалиев III орынға тұрақтады. Сондай-ақ Ғ.Жанар, Ө.Әзім, Н.Қуандықов, Г.Төребекова сынды студенттер әртүрлі номинацияларға ие болды. Поэзия көшіне куә болған студенттер қауымы риза күйде тарастан.

Ж.Болатбек,
филология факультетінің студенті

Үміт үзгізі

Тіл-ғұмыр

Өткенге келмейді жүгінгім,
 Мұңына малынған бүгін мың,
 Тарыдай талқандап тастаған
 Тілімнің.
 Бұрында болмаған күнім күн,
 Түндігі түріліп түнімнің,
 Сұңқылы сыбырлай естілді
 Тірі үннің.
 Арымнан алыстап азап кіл,
 Сіңіріп нұрды қыз, ғажапты ұл.
 ... Аңқыған ананың сүтінен
 Қазақ тіл.
 Сыбысы- Құдірет. Өрі – кең,
 Босаған... Орын ап төрінен,
 Тірідей көмгенде, өзі аршып
 Көрінен...
 Андыздап тұрғанда далада үн,
 Сүрткен-ді... сапырып бар өлін,
 Дымқылдау топырақ қымтаған
 Жанарын.
 Кеңдікте тұншығып көрмеп ем...
 ... Мәңгілік жасайды жерде дән,
 Сұрланып сұм ажал келгенде
 Өлмеген!
 Шер басқан ел көңілі жоқ па аса,
 Төң басқан қадамын топтаса
 Жерге аспан түседі Тіл – ғұмыр,
 Тоқтаса!



Марлен Ғылымханов,
«ФҚТ», фил-13-топ

Талантқа тағылым

Маржан жырдың дегдары



Көркем сөз, поэзия мен проза жанрларына арналған шаралармен қоса әдебиет санпақтарына сазды кеш арнау- филология факультетіне сіңген дәстүр. Факультетіміздің мәдени өміріне тәлімі мол дүниелер еселей түскен академик Қажым Жұмалиев атындағы бірлестігі студенттерді белсенділікке баулуда. Бұл орайда бірлестік жетекшісі, профессор Шарабасов Серікқали Ғабдешұлының бір өзі – бір академия іспеттес, ал оның озық ойлы шәкірттері қолға алған шаралар қашан да сәттілік биігінде.

Қыркүйектің он екісі күні бірлестіктің өзіндіктерімен көрнекті қазақ ақыны Қуандық Шаңғытбаевтың шығармашылығына арналған “Нұр қағып күннің көзінен...” тақырыбында әдеби-сазды кеш ұйымдастырылды. Тәлімі таудай тәрбие сағатын өткізу бұл жолы “Филология: қазақ тілі” мамандығында оқитын 02305-топ студенттеріне (кураторы А.С.Қыдыршаев, старостасы Нәзік Ғазез) жүктелді. Халық жазушысы, пәктік пен сұлулықтың жыршысы атанған ақын Қ.Шаңғытбаевтың шығармашылық шеберханасымен жете танысу үшін 1992 жылғы университет түлегі, Ақтөбе қаласындағы Құдайберген Жұбанов атындағы мемлекеттік университеттің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Өтеген Жақыпов арнайы шақырылды.

Университеттің ғалым-оқытушылары мен студенттері мол жиналған конференцзалында ақындығы көпке үлгі Қуан ағамыздың қамшыдай ғұмырына шолу жасалып, жалынды жырларынан үзінділер оқылды. Әдеби кеш алғы сөзін филология факультетінің деканы, п.ғ.д., профессор А.С.Қыдыршаев бастап сөйлеп, қуандықтанушы жас ғалым Өтеген Жақыповтың баяндамасы тыңдалды. Ғалым Шаңғытбаевтай шайырға қалай жолыққандығы, тамаша туындыларына талай толыққандығы, елден өрек жаратылысына тамсанғандығы, өнеріне бас ие атын алашқа жар салғандығы жайында өдемі естеліктерді тізбектеді. Әдеби-сазды көшіміз 02305-топ студенті Ақбаян Таймұханованың орындауындағы “Көктем вальс” әнімен әсерлене түсті. Әуеннен соң 02205-топ студенті Асылдай Нарынбаева Қуан ағаның өмірдері шәкіртпен баянын ұсынды. Шәкірттеріне шаттық сыйлай жүретін Серікқали Ғабдешұлына сөз кезегі беріліп, қатысушылардың қаламгер туралы мәліметтері толығына түсті. Кеш барысында «Музыкалық білім» мамандығының 1 курс студенті Едіге Шайдуллин автордың алашқа атақты “Тербеледі тың дала” әнін шырқап, көш қонақтарының көңілін серпілтті. Иә, қазақ өлең өлкесінде Қуандық Шаңғытбаев поэзиясы өз алдына бір төбе. Гаухар сөздерден тұратын ақын өлеңдерін А.Шығыров, Б.Қажымова, Ө.Аманжолов секілді I-III курс студенттері - көркем сөз оқу шеберлері нақышына келтіре оқыды.Шара соңында кеш қонағы Өтеген Жақыповқа университет ректоры, академик А.С.Иманғалиев атынан алғыс хат ұсынылып, студенттер естелік сыйлық сыйлады.

Қазақ әдебиеті әлемінде төр төге еңбек еткен, еліне еңбегі сіңген ақын ағаны еске алу кеші естелік суретке түсумен жинақталды. Сөз соңында айтарымыз - ұрпаққа үлгі болған жандардың жақсылығын жария ету міндетіміз. Оларды ұмытсақ - өшкеніміз, ұлағаттай білсек - ескеніміз. Жарқын студенттер барда жақсыларымыздың аты, ғалымдарымыздың хаты өшпесі анық.

Мәлдір Латифова,
«ФҚТ», 02305-топ

«Шешендік мектебі» (Школа ораторского искусства) - «School of oratory» жаршысының жауапты редакторы- А.С. Қыдыршаев, тілшісі - Арайлым Ғани (02205-топ, «ФҚТ»), Мәлдір Латифова (02305-топ, «ФҚТ»), Мәлдір Серікқали (02305-топ, «ФҚТ»), Жайнагүл Абылай (02305-топ, «ФҚТ» мамандығы)



Жайық жауһары

Жыр болып төгіледі асыл маржан,
Кәусар кып сөз тамызып Ақ Жайықтан.
Педагогика факультетінің жаршысы

ЖАЛЫНДА ЖАСТЫҚ ТҮЛНАРЫМ

Күз айының алғашқы айы. Қыркүйек. Бұл ай – барша студенттер үшін үлкен қуаныш мейрамы. Бір жылды артқа тастап, өздерін ересек сезінген студенттер үшін ең қайталанбас шақтардың бірі және бірігейі. Биыл 2015-2016 оқу жылына университетімізге жалпы 1500 студент білім қуып ат арылтып келді. Бұл көрсеткіш бұрын соңды болмаған деңгей. Мұның өзі университетіміздің жоғарғы беделді, сапалы білім оқу орны екенін айқындайды.

Бұл орайда «Мәңгілік ел жастары – индустрияға» атты бағдарлама бойынша Отүстік Қазақстан облысынан 190 серпіндік студенттер Орал қаласына білім қуып келді. Бұл бағдарлама екінші мәрте өз жемісін беріп отыр. Олар үшін барлық әлеуметтік жағдайлар қарастырылған. Мемлекеттік грант, жайлы 4 жылдық төгін жатақхана, облыстық, республикалық додалар, арнайы тренингтер, мол кітапхана қоры сынды жағдаяттармен қамтамасыз етілген. 1 қыркүйек күні Білім күніне орай өткізілген шарада сөз алған универитет ректоры Иманғалиев Асхат Сәлімұлы бірінші курс студенттеріне «қош келіңіздер» айтып, өзінің ыстық лебізін білдірді. Әрмен қарай «Назерке» халық би ансамблі әдемі бимен дүйім жұртты таңқалдырды. Биылғы жылдың студенттік ректоры «Жаратылыстану және география» факультетінің студенті Жүсіпқалиев Дулат университетіміздің білім көжигіне тоқталды. «Музыка және өнер» факультетінің студенттерінен құралған Қорған тобы «Менің университетім» әнін нақышына келтіріп орындады. Сонымен қатар университет оқытушылары да сөз сөйлеп, студенттерді қызу құттықтады.

Биылғы жылдың 1-ші курс студенттерінен сұхбат алған болатынымын. Солардың бірі «Жаратылыстану және география» факультетінің 1 курс студенті Қалиахметова Нұржанар.

- Сәлеметсіз бе, құрметті Нұржанар. Университетімізге қош келдіңіз. Бұл университетті таңдауыңызға не мұрындық болды?

- Сәлеметсіз бе, Аида Жантурина. Рахмет. Бұл университетті таңдауым БҚО-ғы ең білікті, ең сапалы ең үздік университет. Бұл оқу орны қызметке орналасуыма толық сәндіре алады. Себебі мемлекеттік оқу орны және білікті ірі ғалымдар мен доценттер сабақ береді.

- Қала ортасына тез үйренісіп кеттіңіз бе?

- Иә, мен Жәнібек ауданы, Жақсыбай ауылынан білім қуып келдім. Орал қаласы мен үшін таңсық емес. Сол себепті тез үйренісіп кеттім.

- Сұхбатыңызға рахмет. Білім көкжиегіңіз сарқылмасын.

- Сәлеметсіз бе, құрметті Естуров Қуат. Сіз «Физика және математика» факультетінің студентісіз. Бұл универді таңдау жасауыңыздың мәні неде?

- Бұл универді таңдау себебім, Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті БҚО-дағы ең таңдаулы, білімді де білікті қдарларды дайындап шығаратын тарихи оқу орны. Оған қоса менің арнамым осы универді таңдадым.

- Физмат факультеті несімен ерекшеленеді?

- БҚМУ-дағы физмат факультеті, осы оқу орнындағы ең үлгілі, ең тәртіпті, ең білімді факультеттердің бірі және бірігейі десем қателеспейтініме нық сенімдімін. Тек осылармен ғана емес басқа да түрлі шараларда алдыңғы қатарларда болумен ерекшеленеді.

- Кітапхана қорының ауқымы қандай екен?

- Кітапхана қорының ауқымына келер болсам, кітапханада әр студентке керекті кітаптар жинақталған деп сенімді түрде айта аламын.

- Болашақ педагог ретінде ұстанымыңыз қандай?

- Болашақ педагог ретінде ұстанымым, өзімнен кейінгі жас буынға үлгі болып, оқушыларды пайдалы, орынды заман талабына сай білім нәрімен сусындату.

- Өте тамаша. Рахмет. Республикамыздың ұлы математигі

болып қалыптасуыңызға тілектеспін.

Сәлеметсіз бе, құрметті Бексезова Гүлжайна. Сіз ғылыми география мамандығының студенті болып қабылданды. Бұл оқу орнын таңдауыңыздың себебі?

- 80 жылдан астам тарихы бар шаңырақ біраз түлектің тұсауын кесіп, қанатын қатайтып, білім мен ғылымның көгіне, жалпы өмір деген арманы көп аспанға түлетіп ұшырғаны белгілі! Уақытпен сыналған сапалы университетті таңдауым, ең алдымен өзіме және ұстаздар ұжымының біліктілігіне сенгенім деп білемін.

- Геофак қандай ерекшеліктерімен қуантады?

- Ерекшеліктерін дәл қазір деп басып айту қиын! Себебі мен қара шаңырақтың табалдырығын енді аттап жатқаннан кейін зерттеп, зерделеп, айналамды толық бағдарлап үлгермедім. Бірақ ерекшеліктері мен артықшылықтары көп екеніне күмән келтірмеймін.

- Грант иегері атану үшін мектептен алған біліміңіз көмектесті ме?

- Мектептен алған білім өріне ең мықты іргетас! Алдымен ата-анамның берген тәрбиесі мен ұстаздар ұжымының жемісті еңбегі екенін жасырмаймын. Көп көмегі тиді, өлшеусіз десем де болады.

- Студенттік шақтың алғашқы күндері қалай өтіп жатыр?

- Таныс емес орта, мүлдем өзге жүйе, жер-жерден білім қуып келген жаңа достар. Өмірімде көп деген өзгерістер болып жатыр, сонымен де ерекше.

- Көп рахмет сұхбатыңызға. Білім бәсекесінде алда болыңыз.

Педагогика факультетіне серпін бағдарламасы бойынша келген студенттер де өз білім ерекшеліктерінің алдыңғы қатарда екенін дәлелдеп үлгерген. Солардың бірі Тұран Айдана.

- Сәлеметсіз бе; Құрметті Айдана, Ақ Жайық өңіріне қош келдіңіз. «Мәңгілік ел жастары-индустрияға» бағдарламасы бойынша қай облыстан ат арылтып, білім қуып келдіңіз?

- Мен Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Ақарық ауылынан келдім.

- Бұл универді таңдауыңызға не себеп болды?

- Махамбет атындағы қара шаңырақта грант иеленуге көп мүмкіндік болды. Сол себептен деп ойлаймын.

- Рахмет. Педагогика факультетінің белсенді студенті атанғайсыз.

-Сәлеметсіз бе, құрметті Елмұғамбетова Динара. Сіз «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығында білім алып жатырсыз. Қай өңірден боласыз?

- Мен Маңғыстау облысы, Ақтау қаласынанмын.

- М.Өтемісов атындағы БҚМУ-ін бұрыннан таңдау жасап, соған қарай бет алдыңыз ба?

- Иә, мен мектеп кезінде Орал қаласында сапалы универ бар екенін біліп, қызығушылық білдіріп, Ұлттық бірыңғай тестілеуден жоғары балл жинап, осы университеттің грант иегері атандым.

- Сәлеметсіз бе, құрметті Ұзақбаева Ақгүл. Қай елді-мекеннен білім қуып келдіңіз?

- Қызылорда облысы, Арал қаласынан келдім.

- Бұл оқу орнын таңдау себебіңіздің мәні неде?

- М.Өтемісов атындағы БҚМУ жоғары деңгейде сапалы білім беретін, көпбейінді оқу орындарының бірі және бірігейі. Сол себепті таңдауымды дұрыс жасадым деп ойлаймын.

- Үлкен рахмет сұхбатыңызға, білім арнасында қалықтап беріңіз.

СТУДЕНТТЕР – БОЛАШАҚ ЖАС МАМАНДАР

Студенттік өмір – бұл адам өмірінің ең қайталанбас, ең оралмас шақтарының бірі. Бұл орайда біз «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының 2-курс студенттері 1-курс студенттеріне арналған арнайы мерекелік көш дайындадық.

Бұл мамандық былтыр ғана ашылды. Соған орай біз алғашқы түлегі боламыз. Топтағы жалпы 21 студентті үш топқа бөліп тастадық. «Семинар», «СРСР» және «Сессия». Тобымыздың старостасы Молдахмет Гүлжанат көркем сөз оқып, көшіміздің шымылдығын ашты. Өділ-қазылар алқасының құрамында 06201 топ студенттері: Надира Сақтапова, Нұрсая Ерханова, Аяда Қожабергенова және Аида Хасанова. Трейнинг алты турдан тұрды. 1. Топ құрамындағы қыздарды таныстыру 2. Көңілді сурет 3. Ситуациялық сұрақтар 4. Қызықты тренинг 5. «Өзімді танымын» ойыны 6. Шаттық шеңбері. Жарыс өз ерекшеліктерімен есте қалды. Өте қызықты болды. Бірінші курс студенттері

өздерін сан қырынан танытып үлгерді. Ситуациялық сұрақтарды эмоция, образ арқылы сомдап, сахна көлбетін келтірді. Ал тренингтерде ыстық лебіздер білдірілді. Топ құрамында 10 серпіндік студент бар. Олар да ерекше қырларымен таңылды. Көш қорытындысында «Семинар» 78 балмен алға шықты, 75,5 балмен «Сессия» тобы екінші орынды иеленсе, 74 балмен «СРСР» тобы үшінші орынмен жарысты межеледі. Осылайша қыздардың арасында өткен бұл ашық тренинг жарысымыздың берер тәрбиелік тағлымы мол деп ойлаймыз.

Самат Мөлдір
06201 топ студенті

ҚОС СТУДЕНТІМІЗ ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ

Педагогика факультеті соның ішінде «Дене шынықтыруды тәрбиелеу және әдістемесі» мамандығында білім алатын студенттеріміз қай жарыс додасында болмасын өз жеңістерін республика және өлем деңгейінде мойындатып жүр. Солардың бірі 1-курс студенттері Қажиақбаров Шынғыс және Ибат Ибраһим 11-13 қыркүйек күндері Қостанай қаласында өткен республикалық әскери самбодан 23 жасқа дейінгі спортшылар арасында Қазақстан Республикасының чемпионатында 62 келі салмақ дәрежесінде 3-орынды межеледі.



- Сәлеметсіз бе, құрметті Қажиақбаров Шынғыс. Бұл спорт түрімен қай жастан бастап шұғылданып келесіз?

- Қайырлы күн, Аида Жантурина. Мен бұл спорт түрімен 10 жасымнан бастап шұғылданып келемін.

- Қостанай қаласынан алған әсеріңіз?

- Қостанай қаласынан үлкен әсер алдым. Өте қатты ұнады. Ең мықты деген спорт балуандары өз бақтарын сынады. Сол балуандардың құрамында біздер де болғанымызды мақтан тұтамын.

- Бұл жеңіске жетуге не себепкер болды деп ойлайсыз?

- Өзім осы спорт түрімен айналысып келе жатқасын жарысқа барғанда мақсатым жеңіске жету болды. Сол мақсатым мені алға жетеледі.

- Рахмет сұхбатыңызға. Жеңіс төрін бағындыра бергейсіз.

- Сәлеметсіз бе, құрметті Ибат Ибраһим. Жалпы спорт өміріңізге өзгеріс алып келді ме?

- Жалпы спортқа кішкентай кезімде алып келген әкем еді. Әкеме деген алғысым мен рахметім шексіз. Әрине спортқа қатысып және одан республикалық дәрежедегі жетістіктерін болса көп жағдайда көмек болады ғой. Оқыған мектебimde, колледжimde жетістіктерім болатын, болашақта жұмысымда да көтерілуіме септігі тиер деп үміттенемін.

- Республикалық додада бәсекелестер көп

болды ма?

- Әрине, болды. Республикалық жарыс болғандықтан әр облыстың жақсы деген спортшылары келеді. Жалпы төрт кездесу өткіздім. Айта кетсем, Қарағанды, Шымкент, Астана және Қостанай қаласының спортшыларымен кездестім. Жарыс жалпы жақсы деңгейде өтті деп толық айтуға болады.

- Болашақта бұл спорт түрін жалғастыра бересіз бе?

- «Шешінген - судан тайынбас» дегендей бала кезімнен спортпен айналысып, еңбектеніп келе жатқасын спортты тастайтын ойым жоқ. Болашақта өлем чемпионаттарында топ жарып, маған сеніп отырған отбасымды қуанытып, өз өлімнің атағын шығарып, көк байрағын желбірету осы спорттағы арнамым.

- Көп рахмет сұхбатыңызға. Еліміздің байрағын желбіретіп, ән ұранын асқақтатып, патриот азамат болыңыз.

Осындай жетістіктеріміз көп болғай. Алдағы уақытта да спорт бағытындағы додаларымыз өз жемісін беретіні сөзсіз. Ол үшін адал еңбек пен қажырлы еңбек қажет. Салауатты Қазақстан бағдарламасын қолдайтын жастарымыз көп болып, өлем алдында еліміздің өрлігін асқақтата берейік...

Мәңгілік елдің мәңгілік ұрпағымыз!!!

Жаһандану өтек алып жылжыды,
Көшін бастап алға қарай сырғыды.
Бар әлеммен бәсекелес халықпыз,
«Тек алға» деп ұран тастап шарпыды.

Ел тұтқасы – бірлігімің арқасы,
Достықпенен жалғасады қарашы.
Нұр боп мына құйылады «Нұрлы жол»
Нұрлы күнмен бар шуағын шашады.

Алпауытпыз, елу елдің бірінде,
Қыран құсым әуелейді көгімде.
Елтаңбам мен көк туым бар мәңгілік,
Ұрпағыма сақталады өртенде.

Тілдескен Аида Жантурина.
«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»
мамандығының студенті



«Жайық жауһары» айдарының жауапты тілшісі Аида Хасанова



Әдепсіз өскен студенттен, тәртіппен өскен тал жақсы. Тәрбиелі студент тағалы атпен тең. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы тұжырымдарына сүйене ой өрсек, ақыл – жастан, тек тәрбиесі болсын делік. Дұрыстық – бұрыстықты білмеген жас адам азу үстінде болмақ. Демек, бүгінгі студентті – ертеңгі кәсіби маманды ұлша тәрбиелесек – ұл, құлша тәрбиелесек – құл болмақ. Студентім-шәкіртім дейтін тәлімгер-ұстаз болмаса, «елім», «жұртым» дейтін тұлға қайдан шықпақ. Бұл ретте баулыған «қыранымыз» ой үдесінен шықпай жатса, ертеңгі күні өзгеге емес, өзімізге өкпелейік, ағайын! Асылы, жоғары мектептің жаны – профессор-оқытушылар құрамы. Ғалым-оқытушысы қандай болса, университеті де сондай болмақ. Бізде студент көрегін білетіндер көп те, істейтіндер аз-ау, сірә! Біздікі – «білімі көп адам – құралы сай ұста секілді: не істесе де, келістіріп істейді» деу ғана. Қымбатты оқырман, Сізді «Патриот» парақшасына үн қосуға шақырамын!

Уақыт-күдірегі! Әр нәрсе уақытымен қызықты. Жастық уақыт қадірін білмейді. Уақыт тас көкеш тасты да тоздырады. Ал біздің кейбір ағайындар өз алтын уақытын түкке тұрғысыз, мағынасыз «тірлікпен» босқа оздырады. Мезгілі жетсе, мұз да ериді. Адамның қай ісіне де уақыт төрелік етеді. Демек, өткен күннен алыс, келер күннен жақын өштеңе жоқ. Өткен күнді қуып жетпесің де белгілі. Сол себептен де әр айдың аты басқа. Уақыт қадірін білгенге не жетсін, жас достар!

Әдет атаулы жас адамға жұққыш келеді. Ауру қалса да, әдет қалмайды. Түйе алтын артып жүрсе де, жантақ жеуін қоймайтыны содан. Түйе жантақ жеуді ұмытса, тілі қыштыны содан. Таутекенің тауға шықпаса, тұяғы қыштыны да содан. «Аттың сыры иесіне мәлім» дегендей, студенттің сыры тәлімгер ұстазға мәлім. Иә, жастық – жалын көзең. Жастық – мастық көзең. Жастықта бойыңа жақсы әдеттерді (ғадеттерді) молынан жұқтырғанға не жетсін! Жастыққа мастанып, құр босқа кеуде керіп жүргеннен сақтағай!

Қадірлі студент! Әрқайсыңыз өз тобыңыздың, факультетіңіздің, университетіңіздің, отбасыңыздың, еліңіздің шынайы патриоты болғайсыз! Туған жердей жер болмайды, туған елдей ел болмайды. Отанды сүю отбасынан басталады. Қарап отырсақ, І курста туған ауылымызды, үйімізді сағынамыз, тіпті қысқы каникулға дейін өзер шыдап, бауыр басқан босағамызды өлердей сағынып барамыз. Әркімнің өз жері, өз үйі жұмақ деген осы. Өз еліңнің иті де қадірлі. Туған жердің жуасы да төтті. Туған жердің ауасы да шипалы. Бір ғажабы, төрт жылдан кейін аяулы білім ордаң – университетіңді қимай тұрғаның! О, төңірі-ай десеңші! Біздіңше, елді сүю өз факультетіңді сүюден басталады. Құртақандай торғай да өз ұясын қорғамай ма?!

Жас дос! Биылғы оқу жылы да университетіміздің «Өркен» газетінің бетінен филология факультетінің «Патриот» жаршысын жариялауды жалғастырамыз. Газет қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жарық көрмек. Газетті факультеттің патриот студенттері өзірлейді. Мақсатымыз – әрбір студентіміз өз тобының тірегі, факультеттің жанашыры болсыншы, мына күрделілеу кезеңде жастарымыз салжырт, сыбай-сылтаң, бейқам жұрмесінші, қазіргідей қатерлі кезеңде қаперсіз қалмасыншы, ертеңгі ел тірегі ретінде қалыптасуға қажетті біліммен жан-жақты қарулансыншы, тәрбие, өнеге, тағылым көрген текті тұлға тұрғысында сомдалсыншы деген ой дөнін шәкірттеріміздің кеудесіне сыналап егу.

Өнерлі де талантты, арманшыл студенттер қауымы! Сіздердің белсенді қолдауыңызды күтеміз. Қай істе де бірлесе көтерген жүк жеңіл. Үн қосыңыз, мәселе көтеріңіз, факультетіңізді,

Үміт

Жүрегім қалаған мамандық



Ең қиын мамандық – адам боп қалу.

Хосе Хулиан Марти

Армансыз адам қанатсыз құспен тең. Әр адамның қанат жайған арманы бар. Арман адамды ұшар биікке самғатады, алға жетелейді. Арманым – тіл маманы болу, филолог атану. Осы арман жетегімен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түстім.

Бала күнімнен бастап ойымдағының бәрін қаламның ұшымен ақ парақ бетіне түсіргенді ұнаттым. Ұлт шешендігіне байланысты аңыздар мен этнографиялық өңгімелерді тушына оқып, шежіреші ата-әжемнің жанынан шықпаушы едім. Олардың өңгімесін қалт жібермей тамсана тыңдайтынмын. Сол кезеңдер бала арманыма қанат бітіргендей.

Меніңше, филолог - кез-келгеннің уысына түспейтін, шыдамдылықты, жігерлілік пен еңбекқорлықты қажет етер мамандық. Аса мәнді рухани құндылық халық тілін көздің қарашығындай сақтар маман иелері де – филологтар. Бүгінгі филологтарға жүктелер міндет жетіп артылады.

Бұл мамандықты тандаудағы мақсатым – ой еркіндігі мен шешен сөйлеуге қол жеткізіп, еліміздің мәртебесін көтерер филология ілімінің нағыз кәсіби маманы атану. Ата-баба асқақ арманының үдесінен шығып, туған тіліміздің құдіретін әлемдік деңгейде таныту.

*Хосе Хулиан Марти (1853-1895жж.) – кубалық ақын, жазушы, қоғам қайраткері

Нарқыз Тұралиева, ФҚТ мамандығы, фил-13-топ



Факультет деканаты конкурс жариялайды

Филология факультетінің топ старосталарын конкурсқа қатысуға шақырамыз. **Шарты:1.** Топ студенттерінің сабаққа 100% қатысы (студенттік функцияны мүлтіксіз орындауы); **2.** Үздік үлгерім үлгісін танытуы; **3.** Топ студенттерінің белсенділігі (Көшбасшылығы, қоғамдық ортадағы белсенділігі, мәдениеттілігі, езін-езі басқара білуі, т.б.) **Жеңімпаз топ және оның старосталарының марапатталуы: Бас жүлде:** «Үздік академиялық топ» («Сенім тобы» - «Үздік көшбасшы») атағы беріледі. Бұған қоса бағалы сыйлық тапсырылады (өзірше, құпия). **I,II,III орындар:** Әрқайсысына бағалы сыйлықтар беріледі, арнайы сертификат қоса тапсырылады. **P.S. Конкурсқа қатысқан әрбір белсенді старостаға арнайы сертификат беріледі.**

Деканат факультета объявляет конкурс

Приглашаем для участия в конкурсе старост групп филологического факультета. **Условия: 1.** 100% посещаемость занятий студентами групп (безупречное выполнение обязанностей студента); **2.** Лучший образец высокой успеваемости; **3.** Активность студентов группы (лидерские качества, активность в общественной жизни, культура, умение управлять собой и т.п.), участие в общественных мероприятиях. **Награждение групп и их старост: Гран-при: Звание «Лучшая академическая группа» («Группа доверия»- «Лучший лидер»)** и вручение ценных призов, а занявшим **I,II,III места** будут вручены ценные призы и специальные сертификаты. **P.S. Каждому старосте, принявшему активное участие в конкурсе, будет вручен специальный сертификат.**

Деканат филологического факультета

«Патриот» жаршысының жауапты редакторы – А.С.Қыдыршаев, тілшілері – Мөлдір Латифова, Зарина Рахметова («ФҚТ», 02305-топ), Наргиза Тұралиева («ФҚТ», фил-13-топ)

ЖАРЫСТАР-ШЫНДАЛУ МЕКТЕБІ



М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 1-курс студенттері арасындағы спорттық фестивальдің есебі 2015 жылдың 19 қыркүйек күні БҚМУ-дың спорт сарайында 1 – курс студенттері арасында дойбы, шахмат, дартс және тоғызқұмалақ ойын түрлерінен фестиваль өткізілді. Бұл жарысқа барлық факультеттерден 230 студент қатынасты. Жарысқа ДТ кафедрасы оқытушылары әділ қазылық етті. Фестиваль студенттердің белсенділігінің арқасында жоғары дәрежеде өтіп, қорытындысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілді:

Дойбы
I орынға Ихсанғалиев Жеңісбек –филология факультеті

II орын Ашенов Мақсат – тарих, экономика және құқық факультеті

III орын Қобланов Нұрбол – тарих, экономика және құқық факультеті

Шахмат

I орынға Тауас Ернар-физика-математика факультеті

II орын Тажибаев Меңдіхан- физика-математика факультеті

III орын Едіге Нұрлыбек- физика-математика факультеті

Дартс

I орынға Еслямғалиев Абулхайыр-мәдениет және өнер факультеті

II орын Кулбараков Асылан- физика-математика факультеті

III орын Хамидолла Қондыбай- тарих, экономика және құқық факультеті

Тоғызқұмалақ
I орынға Естуров Қуат- физика-математика факультеті

II орын Жұмағалиева Қарлығаш-филология факультеті

III орын Қожахметова Нұржанар-жаратылыстану-география факультетіне берілді

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер жарыс қорытындысы бойынша спорт клубының дипломдарымен марапатталды.

2015 жылдың 21-25 қыркүйек аралығында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің спорт алаңында студенттер арасында шағын футболдан спартакиада өткізілді. Бұл жарысқа барлық факультеттерден 100 студент қатынасты. Жарысты ДТ кафедрасы оқытушылары ұйымдастырып, спартакиаданың жоғары дәрежеде

ҚҰТТЫҚТАУ

Ұстаз ғұмыры көптеген қарбалас ізденістерге толы. Ол үшін асқан біліктілік, мол тәжірибе және көп күш қажет. Осындай сындарды бағындырып жүрген Педагогика факультетінің оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Мухамбетчина Ақима Габдиевна 50 жасты еңсеріп отыр. Талай жылдар бойы сан мыңдаған шәкіртті қанаттандырып, қоғам арнасына тұлға қатарына қосылуына өз үлесін қосты. Біз педагогика факультетінің оқытушылар мен студенттер құрамы, шын жүректен туылған күнімен қызу құттықтаймыз. Әрбір таныңыз нұрға толсын, жүрегіңіз имандылыққа тұнсын, көңіліңіз шырайлы, өміріңіз мәнді болсын. Қай кезде де қажырлы біліміңізбен, мол тәжірибеңізбен көпке үлгі боп жүре беріңіз.

Елу деген ел сенімін ақтар кез,
Талай істі шаруа қып атқарар кез.
Ұлықталып өр тұстан өңбегіңіз,
Шәкірттердің жемісін көретін кез.

Игі тілекпен: Педагогика факультетінің
ұжымы және студенттері



өтуіне ұйытқы болды. Қорытындысы бойынша:

1- орынды Тарих, экономика және құқық факультеті;

2 –орынды Физика-математика факультеті;

3 –орынды Мәдениет және өнер факультеті;

4 –орынды Педагогика факультеті;

5 –орынды Филология факультеті;

6 –орынды Жаратылыстану-география факультеті жеңіп алды.

Үздік ойыншы болып 08302- топ студенті Каиров Ильяс;

Үздік қорғаушы болып Хайрушев Руслан;

Үздік шабуылшы болып 11401 –топ студенті Қайыржанов Нұрлыбек танылды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер жарыс қорытындысы бойынша спорт клубының дипломдарымен марапатталды.

12 қыркүйек күні шағын футбол алаңында М.Өтемісов атындағы БҚМУ Жастар даму орталығының ұйымдастыруымен ҚР Денсаулық күніне орай жатақхана студенттері арасында шағын футболдан турнир өткізілді. Жарыста №1,2,3 жатақхана студенттерінен құралған барлығы 12 команда бақ сынады. Таңсәріден БҚМУ Спорт сарайына келіп жеткен спортшы студенттер тиісті

хаттамаға тіркеліп, бой қыздырып, жаттығуларын бастап кетті. Барлық құрама кездесетін қарсыластарын анықтап алғаннан кейін, салтанаты түрде залға өніп, сап түзеді. М.Өтемісов атындағы БҚМУ тәрбие бөлім жетекшісі А.С.Жақсығалиева студенттерге ізгі лебізін білдіріп, сәттілік тіледі. Ақжайық спорт клубының директоры М.А.Искаков ойынның ережесімен таныстырды. Осылайша төрешінің алғашқы ысқырығымен командалар алаңның ортасына беттеді. Барлығы 12 команда өзара бақсынасты. Ойын қызық пен тартысқа толы өтті. Яғни, ойыншылар бірінен бірі аспаса, кем түспейтіндіктерін дәлелдеуге тырысып-бақты. Финалдық бәсекеде №1 жатақхана студенттерінен құралған «Чемпион» және №3 жатақхана студенттерінен құралған «Сарайшық» әдемі ойын үлгісін көрсетті. Нәтижесінде, ең мықты деп №3 жатақхана студенттерінен құралған «Сарайшық» командасы жеңімпаз атаңды. Жүлдегер команда Студенттер кәсіподағы ұйымының арнайы кубогімен, мадақтама қағаздарымен марапатталды.

М.А.Искаков
Спорт клуб төрағасы:

УРОКИ ЗДОРОВЬЯ И СИЛЫ

Культура начинается с отношения к самому себе, к своему физическому здоровью, уверены преподаватели кафедры физвоспитания. Считается, что урок физкультуры не столь важен. Но некоторые вполне здоровые представители рода человеческого из числа молодежи еще со школьной поры добывают себе медицинские справки, чтобы получить освобождение от занятий.

–И зря, – утверждают студенты, которые не только не пропускают занятий по физкультуре, но и находят в плотном графике учебы на своих факультетах, время заниматься почти профессионально спортом. – Это не только здоровье, но возможность быть сильным и подтянутым.

Зал атлетизма, или тренажерный зал, которым руководит тренер по армрестлингу Шандостеги Асхат Турланулы, создавался руками самих преподавателей кафедры физвоспитания. Зал никогда не пустует, заниматься приходят студенты со всех факультетов.

–Спорт высоких достижений – это отдельный

разговор, но среди студентов мы развиваем массовый спорт. Здоровье начинается с правильного отношения к себе и соблюдения норм физических нагрузок. Мы не готовим специалистов-спортсменов, но стараемся для студента определить уровень физических нагрузок, – рассказывает Базартаев Тлек Абаевич. – Физическая культура – это часть общей культуры современного человека. Признаем, что культуры все меньше. Но тем более приятно узнавать об успехах некоторых наших ребят.

Кафедра физвоспитания является одной из старейших кафедр университета. Давно сложились хорошие традиции, хранителями которых являются конечно же ветераны, отдавшие преподаванию десятки лет. В их числе Кубашев Темирбулат Кубашевич, Жардемев Жубанышкали Садырович, Бекбаев Сатыбалды Шамранович. К ветеранам не причисляем, но уже имеют давний опыт работы Темиргалиева Марина Хамитовна, много лет руководившая кафедрой, Шандостеги Асхат Турланович, Джумағалиев Асхат Хамитович, Демченко Людмила Валерьевна, возглавившая

в настоящее время кафедру и многие другие. Всего 21 преподаватель, лаборант и секретарь составляют дружный коллектив со своими традициями, особой атмосферой теплоты, участия и здорового отношения к жизни. Ни одно массовое мероприятие не проходит без активного участия и организаторских способностей преподавателей кафедры, будь то спортивные соревнования или университетские или городские общественные акции.



Традиционные Спартакиада преподавателей и межфакультетские соревнования, которые организуются совместно с воспитательным отделом, дают возможность участникам оценить свои возможности, дарят хорошее настроение.


А между тем студенты радуют преподавателей физкультуры своими успехами в спорте. Руслан Азаматович Молдабеков представил студента 2 курса специальности юриспруденции факультета истории, экономики и права Даурена Кайруллина.

–Силовой гимнастикой я занимаюсь с 7 класса, участвовал в школьных, районных соревнованиях дома в Аксае. Занимался тяжелой атлетикой, занимал призовые места в областных соревнованиях. Позже увлекся новым для нас видом дворового спорта «Street workout». После поступления в ЗГУ занятия спортом продолжил под руководством своего преподавателя Руслана Азаматовича. А на летних каникулах принял участие в соревнованиях, посвященных 5-летию этого вида спорта, в спортзале «У Темирлана» в Аксае и выиграл главный приз – автомобиль. Моя будущая профессия не связана со спортом, но быть здоровым, выглядеть подтянутым, быть

сильным, мужественным – это здорово!

Но спорт открыт не только для мужчин, не обходят стороной спортзал и девушки. На очередную тренировку пришли и третьекурсницы Алина Габдуллина (ФКИ, дизайн) и Асель Утепова (ФИЭП, международные отношения). Три раза в неделю с первого курса работают над собой в атлетическом зале и несколько не жалеют о потраченном времени.

–Спортом студенты увлекаются еще в школе, и очень хорошо, что не оставляют спорт в университете. Для студентов открыты секции волейбола, баскетбола, настольного тенниса, дзюдо, казак күресі, шашки, шахматы и др. Спорт и физическая культура должны стать частью жизни каждого современного человека, – уверен всеми уважаемый Жубанышкали Садырович Жардемев. – Спорт – это здоровье и всегда хорошее настроение.



ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛІЛІҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ІШКІЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

М.Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Индексі 090006. Таралымы 2000

Достық даңғылы, 162, тел.: 50-94-45. Біздің сайт: www.wksu.kz, e-mail: IC_SMI@wksu.kz

РЕДАКТОР:

Марта Орынбасаровна ДЖУМАГАЛИЕВА

ТІЛШІЛЕР:

Ақсана ЖҰМАБАЕВА, Айша Кемешова

Корректор: Ақзия Адиловна Ниязғалиева

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

РАХАТ КАМЕНОВ

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.